**2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 23 тамыздағы №3577-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысының LGV_001 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы**

1. Аумағында қызметі жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:

Жамбыл облысы «Т. Рысқұлов ауданының Құлан ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 23 тамыздағы **№3577-EL** барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысының LGV_001 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына **ықтимал әсерлер туралы есеп**

(қарастырылып отырған жобалық материалдардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ҚР ЭжТРМ ШЖҚ РМК, «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Жамбыл облысы, Меркі ауданы және Т. Рысқұлов ауданы. Әрбір аудандағы ең жақын елді мекендер Талдыбұлақ ауылы болып табылады, ол лицензия шекарасынан 0,9 км қашықтықта және Қарақат ауылынан 7 км қашықтықта орналасқан. Учаскенің шеткі нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 42°49'00'"С, 72°45'00"Ш; 2) 42°49'00"С, 73°07'00"Ш; 3) 42°46'00"С, 73°12'00"Ш; 4) 42°39'00"С, 72°54'00"Ш; 5) 42°39'00"С, 72°45'00"Ш.

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Жамбыл облысы, Меркі ауданы және Т. Рысқұлов ауданы, әсер ету аймағы елді мекендерге әсер етпейді.

(белгіленге көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Мархор Ресорсез» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле Би көшесі, 101 үй, B блогы, 9 қабат. БСН 241040007910. Тел.: +7-701-150-8906, e-mail: aslan@pallasresources.com

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекен-жайы, БСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«ҒЗО «Биосфера Казахстан» ЖШС, 100012, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Мұстафин к., 7/2; БИН 071040007864; Тел/факс: +7 (7212) 94-05-58; e-mail: biosfera.krg@mail.ru

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысының күні (күндері) және уақыты):

04.03.2026 ж., қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты сағат 14:45

қоғамдық тыңдауды бастау уақыты сағат 15:00

Өтетін орны - Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан а. о., Қарақат ауылы, Әбділда Сүлейменов к-сі, №23 ғимарат, ауылдық клуб

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталатын уақыты, тыңдаудлар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде:

«Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында, https://ndbecology.gov.kz., жарияланған күні: 2026 ж. 28.01.

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында:

«Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, жарияланған күні: 2026 ж. 28.01.

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) Қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Магнолия» газеті 2026 жылдың 28 қаңтардағы №4 (1784) (газеттің сканерленген беттері қоса берілген)

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

Хабарландыру «Jambyl» телеарнасының эфирінде, "жүгіру жолы" айдарында 2026 ж. 26.01.– 2026 ж. 28.01. (эфирлік анықтама қоса беріледі)

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Жамбыл а. о., Талдыбұлақ ауылы (уч.), Жамбыл к-сі, №5 ғимарат, № 35 жалпы орта білім беретін мектеп және Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан а. о., Қарақат ауылы, Әбділда Сүлейменов к-сі, №23 ғимарат, ауылдық клуб мекенжайы бойынша 2 дана хабарландыру. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

- Хатшыны таңдау – Дущенко Евгения, «Биосфера Казахстан» ҒЗО» ЖШС жобалау ұйымының өкілі:

«қарсы емес» – **10**, «қарсы» - **0**, «қалыс қалды» – **8**

- Регламентті бекіту:

«қарсы емес» – **11**, «қарсы» - **0**, «қалыс қалды» – **7**

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«Мархор Ресорсез» ЖШС баяндамашысы - Маликова Асел

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Баяндаманың тақырыбы: 2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 23 тамыздағы **№3577-EL** барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысының LGV_001 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есепті қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар. Беттер саны - 6, слайдтардың саны – 21.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. Кесте осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының қосымшасында ұсынылған.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Қаралатын құжаттар, сондай-ақ тыңдалған баяндама бойынша жұртшылық өкілдерінен қарсылықтар, шағымдар мен ескертулер түскен жоқ

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Аким сельского округа Кулан Е. Сейтжанов

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

__________________ «5» наурыз 2026 ж.

(қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Дущенко Евгения, „Бюджера Казахстан" 230" ЖШС экологы

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

__________________ «5» наурыз 2026 ж.

(қолы, күні)

**№1 қосымша**

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және оның барысында алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| №пп | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы) | Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| **1.** | **Досумбеков А.А., Қарақат ауыл тұрғыны.** Бұрғылау кезінде бассейн соғылады ма? Кейін зияны тимейді ма? Ол жердің бәрі жайылым. Сондықтан сұрап жатырмын. | **Тлеукенова Шынар, «Мархор Ресорсез» ЖШС, эколог.** Зумпфтар жасалады, оған полимермен араласқан су құйылады. Еш зияны болмайды. | **Жауап қабылданды** |
| **2.** | **Досумбеков А.А., Қарақат ауыл тұрғыны**. Қай жерлерді тексересіздер? | **Тлеукенова Шынар, «Мархор Ресорсез» ЖШС, эколог.** Біз қазір дәл мына жерді деп айта алмаймыз. Осы учаскенің (картаны көрсетеді) кез келген жерін геологтар өздері таңдап тексеруге алады. Геологтардың айтуы бойынша ең көп дегенде 4 ұңғыма немесе 3 (скважина) жасауы мүмкін, тіпті ұңғымасыз да тексерулері мүмкін. Геофизикалық зерттеуден кейін егер таппаса, онда бұрғылау болмайды. | **Жауап қабылданды** |

**№2 қосымша**

**Ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы**
**РЕГЛАМЕНТІ**

Қоғамдық тыңдауларды өткізу регламенті мына кестеде көрсетілген:

| | |
|---|---|
| Қоғамдық тыңдаулардың қатысушыларын тіркеу | 14:45 |
| Келісілген уақытта қоғамдық тыңдауларды ашу | 15:00 |
| Баяндамашылардың сөз сөйлеуі | Әрбір баяндамашының сөз сөйлеу уақыты 20 минуттан аспайды. |
| Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларының баяндамалар бойынша ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады.<br><br>Баяндамашылар, өз кезегінде, қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді | Әрбір сөз сөйлейтін қатысушыға сұрақ қою үшін 5 минуттан аспайды.<br><br>5 минут |
| Қоғамдық тыңдаулардың қорытындыларын шығару | 10 минутқа дейін. |

**№3 қосымша**

## Сұрау хаты:

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

### Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26282131001, Дата: 21/01/2026

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Жамбылская область, район Турара Рыскулова (Область воздействия не затрагивает населенные пункты и значительно удалена от них)

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке LGV_001 в Жамбылской области по Лицензии на разведку №3577-EL от 23 августа 2025 года на 2025-2030 гг.

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Жамбылская область, район Турара Рыскулова, Куланский с.о.,с. Каракат , ул. Абдилда Сулейменов, зд. 23, сельский клуб. , 04/03/2026 15:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (7 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
газета «Магнолия» или другая газета, распространяемая на территории проведения общественных слушаний; телеканал «Jambyl» или другой канал, транслирующийся на территории проведения общественных слушаний

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

с. Каракат, ул. Абдилда Сулейменов, доска объявлений

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания

общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Мархор Ресорсез"" (БИН: 241040007910), +7(705)-776-32-77, shynar@palasresources.com,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**Жауап хат:**

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 26282131001, Дата: 22/01/2026

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26282131001, от 21/01/2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке LGV_001 в Жамбылской области по Лицензии на разведку №3577-EL от 23 августа 2025 года на 2025-2030 гг., в предлагаемую Вами 04/03/2026 15:00, Жамбылская область, район Турара Рыскулова, Куланский с.о.,с. Каракат , ул. Абдилда Сулейменов, зд. 23, сельский клуб. (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Мархор Ресорсез"" (БИН: 241040007910), +7(705)-776-32-77, shynar@palasresources.com,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**№4 қосымша**

## Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

**Ашық отырыс түріндегі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы**
**2026 жылғы 4 наурыз, сағат 15.00, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан а.о., Қарақат ауылы, Әбділда Сүлейменов к-сі, №23 ғимарат, ауылдық клуб.**
**Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:**
**2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 23 тамыздағы №3577-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысының LGV_001 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп**

**Регистрационный лист участников общественных слушаний в форме открытого собрания**
**4 марта 2026 г., 15.00 часов, по адресу: Жамбылская область, район Т.Рыскулова, Куланский с.о., с. Каракат, ул. Абдилда Сулейменов, здание 23, сельский клуб.**
**Предмет общественных слушаний:**
**Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки твёрдых полезные ископаемых на участке LGV_001 в Жамбылской области по Лицензии на разведку №3577-EL от 23 августа 2025 года на 2025-2030 гг.**

| № пп | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қатысушы | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| № пп | Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника | Категория участника (представитель заинтересованной общественности, гос. органа, инициатора) | Контактный номер телефона | Формат участия (очно или посредством конференцсвязи) | Подпись (в случае участия на открытом собрании) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Досумбеков АА | Қарақат ауылының тұрғыны | 87786891493 | жеке | [signature] |
| 2 | Алмасбекова Т | Қарақат ауылдық тұрғыны | 8.702.354.92.58 | жеке | [signature] |
| 3 | Куанышева А | Қарақат ауылдық тұрғыны | 8747749 23469 | жеке | [signature] |
| 4 | Жаркинбаева Г | Қарақат ауылдық тұрғыны | 87754663914 | жеке | [signature] |

| № пп | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қатысушы | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Кенжебай Әсем | Қарақат ауылының тұрғыны | 87072260826 | Жеке | |
| 6 | Қарабаева Салтанат | Ауыл тұрғыны | 87076371346 | жеке | |
| 7 | Асанкулова Назат | Құлан ауылы | 87786891445 | жеке | |
| 8 | Тлеуленова Шолпан Амангаевна | ТОО «Маркор ресорсез» | 87057763277 | Жеке | |
| 9 | Рахманұлы Ержігіт Кенжетайұлы | Ұлан ауыл әкімінің орынбасары | 87758715071 | | |
| 10 | Оразбеков Санжар Абдикерамович | Ауыл тұрғыны | 87024127874 | жеке | |
| 11 | Джаманкулов Айдос | Ауыл тұрғыны | | жеке | |
| 12 | Бекболатов Сержан | Ауыл тұрғыны | 87023284395 | жеке | |
| 13 | Тұрғынбек Абылай | Ауыл тұрғыны | 87472351355 | жеке | |

| № пп | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қатысушы | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Юсупова А.Б. | ТОО Мархор Ресорсез | 87710611494 | жеке | [signature] |
| 15 | Маликова А.Б. | ТОО Мархор Ресорсез | 87005140207 | жеке | [signature] |
| 16 | Жирасов В.В. | ТОО НИЦ Биосфера Казахстан | +77775785460 | лично | [signature] |
| 17 | Гениш А.Г. | ТОО НИЦ „Биосфера Каз-н" | +77471258202 | очно | [signature] |
| 18 | Дущенко Е.Д. | ТОО НИЦ Биосфера Казахстан | 8 777 570 2452 | очно | [signature] |
| 19 | | | | | |
| 20 | | | | | |
| 21 | | | | | |
| 22 | | | | | |

**№5 қосымша**

**Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:**

## Баяндама

**Қайырлы күн, құрметті қоғамдық тыңдауларға қатысушылар!**

**Баяндама тақырыбы:** 2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 23 тамыздағы №3577-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысындағы LGV_001 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есебін қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар

**Қоғамдық тыңдауларды өткізу мақсаты**

Ықтимал әсерлер туралы есепке сараптама жүргізу процесінде қоғамдық пікірді есепке алу ҚР Экологиялық кодексінің 37-бабының 1-тармағына сәйкес міндетті болып табылады.

Жоспарланған жұмыстардың нысаналы мақсаты мыс, күміс және алтын кендерін барлау, аумақты одан әрі зерттеудің қажеттілігін анықтау болып табылады.

**Талқылауға ұсынылды:**

2025 жылғы 23 тамыздағы 2025-2030 жылдарға берілген № 3577-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысындағы LGV_001 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау Жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп

Қоғамдық тыңдауды өткізудің **бастамашысы** - «Мархор Ресорсез» ЖШС.

**Жұртшылыққа хабарлама**

Жұртшылықты таныстыру мақсатында жобалық материалдар келесі сайттарға орналастырылған болатын:

«Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» (https://ndbecology.gov.kz) және «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ (https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru), деректер сайттарда 30 күннен кем емес уақыт бойы еркін қолжетімді болды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу және жобалық материалдармен танысу мүмкіндігі туралы ақпарат БАҚ та жарияланды:

- "Магнолия" газетінің 2026 жылғы 28 қаңтардағы №4 (1784);
- "Jambyl" телеарнасының "жүгіру жолында" 2026 жылғы 26-28 қаңтар аралығында.

Сондай-ақ, Талдыбұлақ және Қарақат ауылдарының стендтерінде 2026 жылғы 24 қаңтарда қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру орналастырылды.

**Нысан жайында жалпы мәліметтер**

«Мархор Ресорсез» ЖШС 2025 жылғы 23 тамыздағы №3577-EL қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылады.

Лицензия алаңы 170 барлау блогын қамтиды және 42 976,014 га құрайды.

№3577-EL лицензия учаскесі Жамбыл облысында, Меркі ауданында және Т. Рысқұлов ауданында орналасқан. Әрбір аудандағы ең жақын елді мекендер Талдыбұлақ ауылы болып табылады, ол лицензия шекарасынан 0,9 км қашықтықта және Қарақат ауылынан 7 км қашықтықта орналасқан.

Учаскеде жұмыстарды жүргізу 2026 - 2030 жылдар аралығында көзделген.

Лицензия аумағында санитарлық-профилактикалық мекемелер, демалыс аймақтары, медициналық мекемелер орналаспаған.

№3577-EL лицензия учаскесі ішінара мемлекеттік орман қоры жерлерінің аумағында орналасқан.

Қатты пайдалы қазбаларға іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу үшін мынадай жұмыс түрлерін қамтитын геологиялық барлау жұмыстарының кешенін жүргізу көзделген:

- жобалау,
- іздеу бағыттары,
- іздеудің геохимиялық әдістері,
- геофизикалық және бұрғылау жұмыстары,

- топографо-геодезиялық жұмыстар,
- сынап көру,
- сынама дайындау,
- зертханалық жұмыстар,
- камералдық жұмыстар.

2025 жылғы 19 қарашадағы №KZ56VWF00463974 қоршаған ортаға әсерді  қамту аясын және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсерлер скринингін анықтау жөніндегі қорытындыға сәйкес көзделіп отырған қызмет түрі – №3577-EL лицензия учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау – **III санаттағы** нысанға жатады.

**Ауданның ситуациялық карта-схемасы**




**Жобалық шешімдердің сипаттамасы**

Далалық жұмыстар геологиялық барлау жұмыстарының мынадай кешенін қамтитын болады:

1. геофизикалық зерттеулер, оның ішінде:
- аэромагниттік, аэрогравиметриялық, аэроэлектромагниттік түсірілімдер;
- жер үсті магниттік түсірілім, гравирлік барлау, сейсмикалық барлау және профильді электрлік барлау;
2. бұрғылау жұмыстары;
3. ұңғымаларды (скважиналарды) геофизикалық зерттеу;
4. барлық қол жетімді құдықтардың, бұлақтардың және ұңғымалардың өзектері мен суларын  геохимиялық сынау.

Жұмыстар далалық зерттеулердің нәтижелері бар дерекқорларды құрудан, тарихи және жаңадан алынған деректердің үлкен көлемін компьютерлік өңдеуден, бөлінген кенді перспективалы нысандар мен алаңдарды сипаттаудан, табылған пайдалы қазбалардың ресурстарын бағалаудан, аралық және қорытынды есептерді жасаудан тұрады.

**Атмосфералық ауаға әсерін бағалау**

Геологиялық барлау жұмыстары кезінде атмосфералық ауаның ластануы тұрғысынан келесі эмиссия көздерін бөліп көрсетуге болады:
- топырақ қабатын  алу, кейін оны қалпына келтіру;
- зумпфтарды ұйымдастыру және оларды кейін қайта толтыру;
- бұрғылау жұмыстары;
- бұрғылау қондырғыларының, каротаж станциясының, далалық лагерьдің негізгі және

қосалқы дизельді электр станцияларын (ДЭС) пайдалану,

- ДЭС-ті (бұрғылау алаңдарында және далалық лагерьде) автожанармай құюшымен толтыру;

- Cessna 208 B ұшағының багына жанармай құю.

Аталған қызмет түрі үшін барлық жұмыс түрлері стандартты, ал олардың әсерлері жергілікті және қысқа мерзімді.

Әсер ету ең көп дегенде 482 метр қашықтыққа таралады, одан әрі атмосфералық ауа нормаларының бұзылуы болжанбайды.

**Сулардың күйіне әсерін бағалау**

**<u>Су тұтыну және суды бұру</u>**

Жоспарланған қызметті іске асыру барысында судың 2 санатын пайдалану көзделген:

– ауыз су - персоналдың шаруашылық-ауыз су қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін. Жылдық тұтынудың максималды көлемі жылына 140,55 м$^3$ құрайды. Сумен жабдықтау көзі жеткізілетін бөтелкелердегі су болып табылады

- техникалық су - бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде, топырақпен жұмыс барысында және жолдардағы шаңды басу үшін. Тұтынудың максималды көлемі жылына 600 м$^3$ құрайды.

Сумен жабдықтау көзі - техникалық сападағы жеткізілетін су. Техникалық қажеттіліктерге су тұтыну – қайтарымсыз. Су тұтыну көлемін қысқарту үшін зумпфтарды пайдалана отырып, айналымды сумен жабдықтаудың жергілікті жүйесін ұйымдастыру көзделген.

Шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды табиғи объектілерге ағызуға жол берілмейді. Жиналған суларды сорып герметикалық ыдыстарға жинап жақын маңдағы тазарту құрылыстарына (Шу қаласы, Тараз қаласы) шығару көзделген.

***<u>Жер үсті сулары.</u>*** Қаралып отырған лицензия учаскесі орналасқан ауданның негізгі су артериясы лицензия аумағы арқылы өтетін Қарақыстақ өзені болып табылады. Сондай-ақ, лицензия аумағында басқа жер үсті ағындары (кіші өзендер, бұлақтар) байқалады.

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №318 "Жамбыл облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы" қаулысына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының аумағында Қарақыстақ өзені үшін ені 500 м су қорғау аймақтары және ені 35 м су қорғау белдеулері белгіленген.

Қолданыстағы заңнаманы бұзбау үшін барлау жоспарына сәйкес ***барлық жобаланған жұмыстар су объектілері мен олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінен тыс жүргізілетін болады.***

Су объектілеріне тікелей және жанама әсер ету болжанбайды. Олардың ластануына, қоқыстануына, сарқылуына жол берілмейді.

***<u>Жер асты сулары.</u>*** Лицензия аумағында шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған жерасты суларының кен орындары жоқ.

Бұрғылау жұмыстарына экологиялық таза, уытты емес полимер – полиакриламидпен жуылатын қазіргі заманғы бұрғылау станоктарын пайдалану жоспарлануда.

Қауіпсіздік паспорттарында ұсынылған деректерге сәйкес физикалық-химиялық қасиеттері, токсикологиялық зерттеулер және халықаралық классификация, осылардың бәрі полиакриламидті дұрыс пайдаланса және дұрыс кәдеге жаратса қоршаған ортаға қауіп төндірмейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жұмыстардың аяқталуына қарай ұңғымаларды консервациялау немесе тампондау көзделген.

Осылайша, қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстары жобалық шешімдерге қатаң сәйкестікте орындалатын болса ауданның жерасты суларына теріс әсер етпейді (жұмыстарды жүргізу кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де).

**Өндіріс және тұтыну қалдықтары**

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында қалдықтардың 8 түрі түзілетін болады:

- аралас коммуналдық қалдықтар (қатты тұрмыстық);
- тамақ қалдықтары;
- бұрғылау шламы;
- полиэтилен қалдықтары;

- медициналық пункттің қалдықтары;
- пайдаланылған мотор майы;
- пайдаланылған майланған сүзгілер;
- майланған шүберектер.

Қалдықтардың түзілуінің ең жоғары жылдық көлемі жылына 721,5994 тоннаны құрайды, оның 720 тоннасы бұрғылау шламына тиесілі.

Пайда болған қалдықтарды герметикалық сыйымдылықтарда жинап, кейіннен толық көлемде мамандандырылған бөгде ұйымдарға жіберу көзделген (лицензия аумағында жинау басталған сәттен бастап 6 айдан аспайтын уақытта жинақтау).

**Жер ресурстарына, топыраққа әсері**

Бұрғылау алаңдарын ұйымдастыру барысында топырақ-өсімдік қабатын сақтау және зумпфтарды ұйымдастыру үшін қазу-жоспарлау жер жұмыстарын орындау көзделген. Бір бұрғылау алаңының параметрлері - 15м × 25м, бір зумпфаның өлшемдері - 3м × 5м × 2м, алаңда барлығы 2 зумпф болады.

Топырақты сақтау кезінде оның қопарылуын, желмен ұшуын болдырмас үшін топырақ қоймасын полиэтилен пленкамен жабу қарастырылған.

Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін және аумақты жабдықтан және басқалардан босатқаннан кейін, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қарастырылған, атап айтқанда, зумпфтар топырақпен қайта толтырылады, бүкіл бұзылған аумақтың топырақ қабаты мен ландшафты қалпына келтіріледі.

Топыраққа мұнай өнімдерінің төгілуін болдырмау үшін алаңда жұмыс істейтін барлық техника арнайы поддондармен жабдықталатын болады. Техникалар автожанармайшымен толтырылады.

**Геологиялық жұмыстарды жүргізудің иллюстрациясы**




**Өсімдіктер әлеміне әсері**

Қарастырылып отырған аумақта ҚР Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер тіркелмеген.

Далалық лагерьді, бұрғылау алаңын және оған әкелетін жолдарды ұйымдастыруға

арналған учаскені таңдау кезінде жобаға сәйкес аумақты ағаштар мен бұталардың болуына алдын ала тексеру көзделген. Егер олар табылса, бұл өсімдік дақылдары жоқ басқа жұмыс алаңы және жолдар таңдалады.

Жұмысты бастамас бұрын топырақ-өсімдік қабатын алып тастау, кейін оны қалпына келтіру көзделген. Әрбір бұрғылау алаңында жұмыстарды орындаудың қысқа кезеңі тамыр жүйесі, өсімдіктер мицелийін бар тамырлы топырақ қабатының сақталуына кепілдік береді, бұл дегеніміз келесі жылғы вегетациялық кезеңде бұзылған дақылдардың өсетініне кепілдік беру.

Көлік пен техника үшін қолданыстағы бар қара жолдарды барынша пайдалану көзделген.

Арасында, сирек көлік жол желісінен тыс жүргенде, өсімдіктерге әсер етеді, бірақ келесі маусымда толық қалпына келтіріледі.

Жобалау жұмыстарын орындау аудан өсімдіктерінің құрамы мен әртүрлілігіне теріс әсер етпейді.

Өсімдік ресурстарын пайдалану және жинау қарастырылмайды.

**Жануарлар әлеміне әсері**

№3577-EL лицензия учаскесі ішінара "Меркі орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ" мемлекеттік орман қоры жерінде орналасқан. Лицензия аумағында ҚР Қызыл кітабына енгізілген құстар мен жануарлар мекендейді.

Жоспарланған қызмет заңға қайшы келетін әрекеттерді жүзеге асыруды көздемейді.

Көзделіп отырған қызметтің жануарлар дүниесіне теріс әсерін болдырмау үшін мынадай іс-шараларды орындау көзделген:

- жұмыс жүргізу алаңын таңдау кезінде алдын ала аумақты ағаштар мен бұталардың, індердің, апандардың, көбею орындарының және жабайы жануарлардың басқа да мекендейтін жерлерінің бар-жоғы тұрғысынан мұқият қарап шығуға, қызыл кітаптағы түрлерге - үнді тікенекті кірпісіне, бүркітке, арқар мен қар барысына ерекше көңіл бөлінеді. Көрсетілген объектілер анықталған кезде буферлік аймақты сақтай отырып осы объектілер жоқ басқа алаңды таңдау қарастырылған;
- аэротүсірілім жұмыстары құстардың көші-қоны болмаған кезеңде көзделсін;
- нысандар құрылысы болмайды - персоналды жылжымалы вагондарда орналастыру көзделген, сондай-ақ барлық жабдықтар да мобильді, қолданып болған соң бөлшектеуге және әкетуге жатады, жұмыстар аяқталғаннан кейін алаң бастапқы күйіне келтіріледі;
- ұяларды, індерді, апандарды және жануарлардың басқа да мекендейтін жерлерін бұзуға, аңшылыққа, жұмыртқа жинауға қатаң тыйым салуды сақтау;
- жұмыс жүргізу алаңдары мен іргелес алаңдардың аумағын таза ұстау, қалдықтарды герметикалық контейнерлерге жинау және оларды уақытылы шығару;
- рұқсат етілмеген жол желісінен тыс жүрулерді барынша болдырмау;
- түнде көлік құралдарының қозғалыс белсенділігін төмендету, жылдамдық режимін сақтау;
- көліктің жұмыс режимін оңтайландыру;
- ҚР стандарттарына сәйкес келетін шу деңгейі төмен заманауи жабдықтар мен машиналарды қолдану;
- аумақты жарықтандыру үшін жасыл-көгілдір спектрді шамдарды пайдалану;
- жұмыс учаскелері мен жер үсті нысандарын қоршауды ұйымдастыру;
- жүргізушілерге жануарларды автокөлікпен қууға тыйым салынады.

Ауданның жануарлар әлеміне әсері жергілікті, уақыт бойынша шектеулі сипатқа ие, қарастырылып отырған және іргелес аудандардағы фаунаның түрлік құрамы мен санының өзгеруіне әкелмейді.

**Физикалық факторлардың әсерін бағалау**

Жұмыстарды орындау кезіндегі негізгі физикалық факторлар - машиналар мен арнайы техникалардың шуы мен дірілі.

Жұмыс барысында қазіргі заманауи жабдықтар мен машиналарды пайдалану көзделген, мұның өзі жұмыс орындары үшін белгіленген физикалық факторлардың әсер етуінің шекті рұқсат етілген деңгейлеріне сәйкестігінің кепілі болып табылады.

Шу көздерінен ауданның жануарлар дүниесіне шудың әсері жергілікті, уақыт бойынша шектеулі сипатқа ие және барлық жұмыстар жобаға сәйкес орындалатын болса қаралып

отырған және шекаралас аудандардағы фаунаның түр құрамы мен санының өзгеруіне әкелмейді.

Қоныстану аумақтарына едәуір қашықтықты ескеретін болсақ халыққа кері әсер ету болжанбайды.

**Назарыңызға рақмет!**